

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ЖІКТЕЛІНУІ

САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ ТҮСІНІГІ

- ❖ 1. Ұлттық құқықтық жүйе – бір елдің шеңберінде экономикалық, саяси, тарихи және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптасқан құқықтық жүйе. Сонымен бірге бұл жүйе өз елінің рухани, мәдени, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін де бірлестіре дамиды. Бұл құқықтық жүйенің құндылығы – осы ұлттық өзгешіліктерді, ерекшеліктерді ескере, бірлестіре отырып қалыптасуында.
- ❖ 2. Құқықтық «отбасылық» жүйе – құқықтық нормалардың мазмұнына қарай бірлестіріп, жүйелеу. Бұл жүйелеуге бір немесе бірнеше дәуірдің құқықтық нормалары кіруі мүмкін. «Отбасылық» жүйелеудің үш негізгі компоненті болады: құқық жүйесі, тәжірибе және құқықтық сана. Бұл үш элемент құқықтық «отбасыда» міндетті түрде болуға тиіс. Әр елдің ұлттық экономикалық, саяси, тарихи, мәдени т.б. ерекшеліктеріне сәйкес дамып, қалыптасқан құқықтық жүйеде, оның «отбасылық» мазмұны айқын көрініп, бір заңды типологияны құрастырады.

-
- ❖ 3. Құқықтың тарихи типтері – қоғамның, экономикалық, саяси, рухани, мәдени бірлестіктері арқылы қалыптасатын құқықтық жүйе. Бұл туралы бірнеше пікір бар. Марксизм құқықтың түрін таптық құрылыспен және экономикалық жағдайлармен байланыстырады, сондықтан құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік құқықтың түрлері болады деп түсіндіреді. Дүние жүзінің заң ғылымының пікірі – құқықтың өзгеруіне тек экономикалық базистің өзгеруі жеткіліксіз. Оған қоса қоғамның саяси, рухани, мәдени негіздері өзгеруге тиіс. Сонда ғана құқық жаңарып, жаңа заңды құқықтық типология қалыптасады.
 - ❖ 4. Бұл пікірдің қорытынды тұжырымы бойынша, құқықтың тарихи төрт түрі болады: ежелгі дәуірдегі құқық жүйесі, орта ғасырлардағы құқық жүйесі, жаңа ғасырлардағы құқық жүйесі, қазіргі замандағы құқық жүйесі.

-
- ❖ 5. Ғаламдық құқықтық типология – қазіргі замандағы дүниежүзілік көлемде құқықтық жүйелердің бірлестігі мен дербестігін зерттеп, олардың бір бағытта дұрыс дамуына ғылыми тұрғыдан мүмкіншілік жасауда. Оның негізгі бағыты дүниежүзілік қоғамның саяси-экономикалық құрылысын, дамуын жақындастыру. Бұл ғаламдық құқықтық типологияны қалыптастырудың негізгі критеріі болуға тиіс. Осы процесс арқылы бірнеше мәселе анықталуға тиіс: бірінші – ұлттық құқықтық жүйелердің әлемдік көлемде пайдалануға болатын нышан-белгілері; екінші – жартылай (бірнеше мемлекеттердің бірігуі) пайдалануға болатын белгілері; үшінші – құқықтың отбасылық жүйе көлемінде пайдалануға болатын белгілері; төртінші – тек ұлттық құқықтық жүйе шеңберінде ғана дамиды құқық жүйесі. Бұлардың алдыңғы үшеуі ғаламдық, құқықтық типологияны қалыптастырудың негізгі бағыттары.

Қазіргі заманда ұлттық құқықтық жүйелер объективті прогрестік жолмен дамып, соған сәйкес заңды типологияның мазмұны да өзгеруде:

- ❖ құқықтың негізгі бағыты халықтың әлеуметтік жағдайы және адамдардың денсаулығына бет бұру;
- ❖ әлемдік глобальдық проблемалардың барлық мемлекеттерді біріктіруі, сол арқылы құқықтық жүйелердің өзара бірігіп дамуы;
- ❖ құқықтық мемлекетті қалыптастыру дүниежүзілік мүдде-мақсатқа айналуы.
- ❖ Сонымен, типология – әлемнің құқықтық картасына көп аспектілі жіктеп, көп қырлы анализ берудің алғы шарты. Философиялық тұрғыдан заңды типология құқықтың тарихи типтерінің бірлестігін, құқықтық отбасының ерекше маңыздылығын, ұлттық құқықтық жүйесінің бірлігін көрсетеді

-
- ❖ Құқықтық жүйе – қоғамдық қатынастарды реттейтін, өзара байланысты, үйлесімді және өзара әрекеттілік құқықтық құрал, әрі қандай да болмасын елдің құқықтық дамуының деңгейін сипаттайтын элемент.
 - ❖ Құқықтық жүйе – күрделі әлеуметтік құбылыс, оның көпжақтылығын ғылыми категориялардың жүйесімен анықтауға болады. Құқықтық жүйені түсіну үшін негізгі категориялар ретінде «құқық түсінушілік», «құқық шығармашылық», «құқық қолданушылық» жатады. Сондықтан құқықтық жүйені зерттеуде: біріншіден, көзқарастар, идеялар, теориялар жүйесін; екіншіден, нормативтік негіздердің анализі; үшіншіден құқықты жүзеге асыру жүйесін қамту керек.

-
- ❖ Құқықтық ғылымда «құқықтық жүйе» категориясы бірнеше мағынада қолданылады. Тар мағынада белгілі бір мемлекеттің құқығы деп түсініледі және «ұлттық құқықтық жүйе» деп дәліме дәл атауға болады. Бірақ «құқықтық жүйе» ұғымын «құқық жүйесі» ұғымымен шатастыруға болмайды.
 - ❖ «Құқық жүйесі» – объективті және субъективті факторлармен анықталатын, құқық салаларының байланысы, арақатынасы мен құрылуын ашатын құрылымдық институционалдық түсінік.
 - ❖ Құқықтық жүйе құқық жүйесімен қатар қоғамның құқықтық өмірінің бірқатар компоненттерін өзіне қосып алады. Осы компоненттердің анализі құқықтық дамудың көпжақтылығы мен аспектілерін көрсетеді.

-
- ❖ Күрделі мағынасына тоқталсақ, бұл жерде құқықтық жүйе терминологиясы әртүрлі. Мысалы, Р.Давид «құқықтық жүйелер отбасы», К.- Х. Эберт және М. Рейнстайн «құқықтық шеңбер», И. Сабо «құқықтық жүйелер нысаны», С.С. Алексеев «жалпы құрылым».
 - ❖ «Құқықтық отбасы» санаты осы жүйелердің салыстырмалы тұтастығы туралы айтуға мүмкіндік беретін ұқсас заңды белгілері бар құқықтық жүйелердің топтарып белгілеу үшін қызмет етеді. Бұл ұқсастық нақты-тарихи және логикалық даму нәтижелері болып табылады.
 - ❖ Құқықтық отбасы – бұл жүйелердің бірыңғайлылығы туралы сөз етуге болатын ұқсас заңдық белгілері бар ұлттық құқықтық жүйелердің жиынтығы.
 - ❖ Құқықтық жүйелердің құқықтық отбасыларға бірігуінің белгілері мыналар:
 - ❖ Құқық қайнар көздерінің жалпылығы;
 - ❖ Құқық құрылымдарының ұқсастығы;
 - ❖ Құқықты қалыптастырудың тарихи жолдарының бірыңғайлылығы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ЖІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Құқық жүйесін жіктеу дегеніміз - белгілі бір құқықтық жүйелерді, оларды бір категория, бір отбасы, бір топқа жатқызу үшін, маңызды және көптеген ортақ белгілеріне ие екендігін анықтау.

Құқықтық жүйелерді жіктеу критерийлерінің түрлері

Құқықтық жүйелерді жіктеу критерийлері

Құқықтық жүйелерді жіктеу бойынша нұсқалар

Критерийлер саны

- Біреу;
- Бірнеше критерийлер

Критерийлердің күрделілігі

- Қарапайым критерий;
- Күрделі критерий

Критерийлерді бөлуге негіз болатын факторлар

- Құқықтық критерийлер
 - Жалпыөркеніеттік критерийлер
-

Құқықтық жүйелерді жіктеудің жалпы өркениеттік және құқықтық критерийлері

Жалпы өркениеттік критерийлер

Құқықтық критерийлер

Діни фактор

Құқықтық әдеп ғұрыптар

Идеологиялық фактор

Құқықты түсіну типтері

Дәстүрлер мен әдеп ғұрыптар

Құқықтың даму тарихы

Қоғам дамуының тарихы

Құқық қайнар көздерінің жүйесі

Саяси фактор

Құқық жүйесі және ерекше институттар

Геомәдени фактор

Заң техникасы

Нәсілдік және тілдік фактор

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖІКТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Жіктеу негізіне тұрақты, фундаментальді факторлар жату керек;
- Жіктеу критерийлері нақты белгіленген болуы керек;
- Егер жіктеу негізіне бірнеше критерий алынса, онда оның біреуі басымдыққа ие болуы қажет;
- Жіктеуде олардың қалыптасуына ықпал еткен объективті және субъективті факторларды есепке алу қажет.

- ❖ Қарапайым критерий ретінде құқықтық дәстүр немесе бір құқықтық отбасыға біріккен жүйелерге ортақ дәстүр ұсынылады.
- ❖ Жіктеудің күрделі критерийі ретінде құқықтық жүйелердің стилі қарастырылады. Құқықтық жүйенің стилі деген ұғым күрделі, көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылып, келесі құрамдас бөлшектерден тұрады: құқықтық жүйелердің тарихи болмысы, олардың даму жолдарының ерекшеліктері, құқықтық институттардың негізгі сипаты, құқық қайнар көздерінің иерархиясы, құқықтық жүйелердің басымдықтағы идеологиясы.
- ❖ Құқықтық жүйелердің толық және ашық жіктеуді ізденуде заңгер компаративистер әртүрлі факторлардың негізін алды: этикалық, нәсілдік, географиялық, діни факторлардан бастап, құқықтық техника мен құқық стилімен аяқтады.
- ❖ Құқықтық отбасылардың жіктемесі туралы айтқанда, сол мәселеге деген бірнеше көзқарастарды қарастыру керек.

1900 жылы салыстырмалы құқықтанудың бірінші Конгрессінде бес негізгі отбасылар бөлініп шығарылды: француздық, германдық, славяндық, исламдық және англо-американдық

ҚҰҚЫҚ. Қазіргі кездгі танымал және кең таралған негізгі құқықтық жүйелердің жіктелінуі

Француздық (Р.Давид)

Немістік (К.Цвайгерт және Х.Кетц)

Американдық (М.А.Глендон, М. Гордон және К.Осакве)

Ресейлік (Ю.А.Тихомиров)

К.ЦВАЙГЕРТ ЖӘНЕ Х.КЕТЦ ҰСЫНҒАН

Құқықтық жүйе стилін анықтайтын факторлар

Құқықтық жүйенің тарихи қалыптасуы мен дамуы

Құқықтық ілімдер доктринасы және оның
ерекшелігі

Құқықтық институттар

Құқық қайнар көздері және оған түсінік берудің
әдістері

Идеологиялық факторлар

“ҚҰҚЫҚТЫҚ СТИЛЬ” НЕГІЗІНДЕ К.ЦВАЙГЕРТ ЖӘНЕ Х. КЕТЦ 8 ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫ БӨЛІП ШЫҒАРАДЫ

Романдық (Франция,
Италия)

Германдық (ФРГ,
Австрия, Швейцария)

Скандинавиялық
(Дания, Исландия,
Норвегия, Финляндия)

Жалпы құқық (Англия,
Австралия, Канада,
АҚШ, ОАР)

Социалистік құқық
(Кеңес Одағы)

Қиыршығыстық
(Қытай, Жапония)

Ислам құқығы

Индуистік құқық

М.А.ГЛЕНДОН, М. ГОРДОН ЖӘНЕ К. ОСАКВЕ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Құқықтық әдеп ғұрып құқықтың қоғамдағы ролі, құқық табиғаты мен саяси идеология туралы адамдардың санасында терең орналасқан, тарихи қамтылған көріністер жиынтығы.

Батыстық құқық (батыстық құқықтық әдеп ғұрып) белгілері

- 1) Рим жеке құқығының ықпалы
- 2) Құқықтық сана деңгейінің жоғары болуы
- 3) Католиктік шіркеу канондық құқығының ықпалы
- 4) Құқықтық мемлекет түсінігін қолдау

М.А.ГЛЕНДОН, М. ГОРДОН ЖӘНЕ К. ОСАКВЕ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

- Діни емес құқықтық жүйелер
 - Батыстық құқық
 - Батыстық емес құқық
 - Квазибатыстық құқық

Романо германдық (цивильдік)	Оңтүстік шығыстық (азияттық)	Социалистік құқық
Англо американдық (жалпы құқық)	Африкандық (дәстүрлі)	
скандинавиялы		

М.А.ГЛЕНДОН, М. ГОРДОН ЖӘНЕ К. ОСАКВЕ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

- Діни құқықтық жүйелер
 - Мұсылмандық (ислам құқығы)
 - Еврей (иудейлік құқық)
 - Канондық (католиктік шіркеу) құқығы
 - Хинду құқығы (Үндістан)

Ю.А. ТИХОМИРОВТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫ ЖІКТЕУІ

Континентальная (романо германдық) құқықтық жүйе

Жалпы құқық жүйесі

Социалистік құқық

Солтүстік еуропалық құқық жүйесі

Латын американдық құқықтық жүйе

Діни адамгершілік бағыттағы құқықтық жүйелер

Мұсылмандық

Қиыршығыстық

Африкандық

“Көшпелі” құқықтық жүйелер

Барлық жағдайларда құқықтың маркстік–лениндік типологиясы ескерілмейді, оның негізінде қоғамдық–экономикалық формация (құлиелену құқығы, феодалдық құқық, буржуазиялық құқық, социалистік құқық) критерийі жатыр.

А.Х. Саидов буржуазиялық типтің ішінен отбасы құқығын ерекше атап өтеді: романо–германдық, скандинавиялық, латынамерикандық, “жалпы құқықтың” құқықтық отбасын және қиыршығыс құқықтық отбасын, сондай ақ социалистік құқық отбасымен қоса қарастырылады.

Социалистік құқықтық отбасы шегінде бүгінгі күні тарихи аспектіде салыстырмалы дербес топтар да өмір сүрді. Олар: Кеңестік құқықтық жүйе, Еуропаның социалистік елдерінің құқықтық жүйелері, Азияның социалистік елдерінің құқықтық жүйесі және Куба Республикасының құқықтық жүйесі

- ❖ Француздық компаративист Р.Родьер «заң компаративистикасында қанша компаративист болса, сонша жіктеулер өмір сүреді» деген. 1919 жылы Француз салыстырмалы заңнама қоғамының қатысушылары 3 түрлі құқықтық отбасылардан тұратын жіктеумен шектеледі: француздық, ағылшын-американдық және мұсылмандық.
- ❖ ХІХ ғасырдың ІІ жартысында құқықтанушылардың арасында, нәсілдік жіктеудің жақтаушысы, швейцарлық Г. Созер-Холл үндіевропалық (үнді, иран, кельт, греко-романдық германдық, англосаксондық, латыш-славяндық құқық), семиттік және монголдық құқықтық отбасыларды бөліп шығарды. Әрине мұндай жіктеудің ғылыми маңызы жоқ.
- ❖ ХІХ ғасырдың ІІ жартысында белгілі бір топтарға лингвистика негізінде біріктіру идеясы заңгерлерді қызықтырды. Егер неміс ғылымдары құқықтық жүйелерді нәсілдік және тілдік белгілері бойынша құқықтық отбасыларға біріктіріп, этникалық белгі бойынша жіктеуден бас тартты.

- ❖ XX ғасырдың басында француз заңгері А.Эсмен құқықтық жүйелерді жіктеу негізіне тарихи қалыптасу ерекшелігін алып, жалпы құрылымы мен белгілеріне қарай келесі топтарға жіктейді:

латындық (романдық) топ
(француздық, бельгиялық, итальяндық, испандық, португалдық,
румындық және Латын Америка елдерінің құқығы);

германдық топ
(германдық құқық, Скандинавия елдерінің құқығы, австралиялық,
венгерлік құқық);

англо-саксондық топ (Англия құқығы, АҚШ);

славяндық топ;

мұсылмандық топ.

- ❖ Е. Глассон құқықтық жүйелерді жіктеу кезінде олардың тарихи қалыптасуына Рим құқығы ықпалының дәрежесі негізге алынып, 3 топқа бөледі:
- ❖ Бірінші тобына Рим құқығы едәуір әсер еткен елдер – Италия, Румыния, Португалия, Греция, Испания;
- ❖ Екінші тобына Рим құқығы шамалы әсер еткен және құқығы әдет-ғұрып пен варварлық құқыққа негізделген елдер – Англия, Скандинавия елдері, Ресей;
- ❖ Үшінші тобына Рим және герман құқығы бірдей әсер еткен елдер – Франция, Германия, Швейцария.
- ❖ Глассонның бұл жіктеуі сынға ұшырап, ағылшын құқығы мен орыс құқығының арасында қандай байланыс бар деген сұрақ туындайды. Егер оның әдісі бойынша жіктейтін болсақ, онда екінші топқа мұсылмандық құқық, қытай және үнді құқығын да қосуға болатынын көрсетеді.

-
- ❖ Ал А.Леви–Ульман үшін құқықтық жүйелерді жіктеу критерийі ретінде әр құқықтық топтың қайнар көздерінің түрлілігі қызмет атқарды:
 - ❖ континенталды елдердің құқықтық жүйесі;
 - ❖ англо–саксондық құқықтық жүйе, яғни прецеденттік құқық;
 - ❖ ислам құқығы.

- ❖ Құқықтық жүйелердің жалпы панорамасын беруге тырысқан Дж. Вигмор өзінің 3 томдық және көлемі 1000 беттен асатын, «Панорама правовых систем права мира» еңбегінде, ол бұрын өмір сүрген және қазіргі кездегі құқықтық жүйелерді 16 негізгі негізгі құқықтық жүйелерге жинақтайды:
- ❖ египеттік, месопотамиялық, иудейлік, қытайлық, үнді, грек, рим, жапон, мұсылмандық, кельттік, славяндық, германдық, теңіздік, шіркеулік, романдық, англикандық.
- ❖ Әрине бұл жіктеуге де дәл негіз жоқ екендігін көрсетеді. Бірақ оның еңбегі үлкен тарихи, құқықтық, ақпараттық материалдарға бай. Автор иллюстрациялық әдісті кеңінен қолданады. Әрбір құқықтық жүйені қарастырған кезде тарихи ескерткіштерді, құқық қолдану органдарының ғимараттарын, заң мамандығы өкілдерінің фотосуреттерін пайдаланған.
- ❖ Ал үшінші томының соңында қазіргі кездегі құқықтық жүйелердің картасын көрсетеді. Қазіргі құқықтық жүйелерді дұрыс түсіну үшін өткенді білу дұрыс. Бірақ ол жіктеу кезінде құқықтық жүйелері жіктеудің синхрондық және диахрондық аспектілерін араластырған.

- ❖ Р.Давид трихотомия идеясында жіктеу негізіне екі критерий алынды: идеологиялық (дін, философия, экономикалық, әлеуметтік құрылым факторлар) және заңды техника. Бұл екі критерий жиынтықта болу керектігін басып айтды.
- ❖ Осының негізінде үш құқықтық отбасыны бөліп шығарады: романо-германдық, англо-саксондық және социалистік
- ❖ Құқықтық жүйелердің өзіндік ерекшелігі мен ортақ қасиеттерінің қалыптасуы мен критерийлерін анықтауға бірінші кезекте экономикалық фактордың әсер ететіндігіне көпшілік ғалымдар келіседі. М.Богдан одан басқа саяси, идеологиялық, тарихи, географиялық және демографиялық факторларға көңіл аударады.

-
- ❖ А. Тойнби құқық типологиясында өркениеттік көзқарас бойынша мынадай өркениеттерді көрсетеді:
 - ❖ Еуропалық құқық (Рим құқығынан бастау алады):
 - ❖ Континентальды құқық;
 - ❖ Мұсылмандық құқық (Ислам мемлекеттері);
 - ❖ Постсоветтік (кеңестен кейінгі) құқық (ТМД қатысушылары);
 - ❖ Социалистік құқық (Куба, Қытай);
 - ❖ Дуалистік құқық (Жапония, Танзания, Үнді, Израиль, Мысыр, Сингапур).

-
- ❖ Құқықтық жүйелердің жіктелінуінің нәтижесі – құқықтық отбасы болып табылады. Әрбір құқықтық отбасының өзінің ерекше кешені болады.
 - ❖ Құқықтық отбасы түсінігі, құрылымы, қайнар көздері, жетекші салалары мен құқықтық институттары, құқықтық мәдениет, дәстүр, құқық қолдану қызметінің ерекшелігі, заңды ойлау қабілеті және т.б. тарихи дамуын ұқсастыру нәтижесі болып табылады.
 - ❖ Жіктеу құқықтық жүйе деңгейінде және құқық салалары деңгейінде де болуы мүмкін. Сондықтан құқықтық отбасыларды идентификациялау өте қиын іс, өйткені тұрақталмаған құқықтық стильдер бар. Мысалы, ҚХР әлемнің құқықтық картасында Қиыр шығыстық құқықтық отбасыға

-
- ❖ Сонымен, негізгі құқықтық отбасыларды шығару үшін үш бір-бірімен байланысты критерийді ұсынамыз:
 - ❖ құқықтық жүйелердің тарихы;
 - ❖ құқық қайнар көздерінің жүйесі;
 - ❖ құқық жүйесінің құрылымы.
 - ❖ Осындай өзара байланысқан критерийлерден шығып, келесідей құқықтық отбасыларды бөліп шығаруға болады: жалпы құқық; романо-германдық; скандинавиялық; латынамерикандық; социалистік, діни, дәстүрлі, қиыршығыстық және аралас.

-
- ❖ Жалпы, құқықтық жүйе көптеген мемлекеттерде қалыптасқан ұлттық құқықтық жүйелердің басын біріктіретін ұғым болғандықтан, авторлардың тарапынан ұсынылған пікірлерге келіспеушілік білдіруге болады. Ал, көшпелі өркениеттің құқықтық жүйесін, славяндық құқықтық жүйе мен үндіс құқықтық жүйесін ұлттық құқықтық жүйе деп айқындау дұрысырақ болар еді. Ұлттық құқықтық жүйенің басты ерекшелігі сол ол белгілі бір мемлекет аумағында қалыптасады, сол мемлекетте жүргізіліп отырған саясатқа қатысты дамиды және белгілі бір тарихи жағдайлар шеңберінде нақты құқықтық отбасының ерекшеліктерін бойына сіңіреді. Кей Кездері ұлттық құқықтық жүйе толығымен жаңа құқықтық отбасының қарамағына өтсе (мысалы, қазақтың әдеттік құқығы), кей кездері өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуы мүмкін (мысалы, үнді құқығы). Бірақ ұлттық құқықтық жүйелер нақты құқықтық отбасына өзгеріс енгізе алмайды, олар тек өз аумақтарында ғана сол құқықтық отбасы шеңберінде өз ерекшеліктерін сақтау арқылы әрекет ете алады.